

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2025 жылға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 111 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 21 мамырда № 7521-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы бойынша 2025 жылға арналған басым дақылдардың тізбесі және субсидиялар нормалары бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Н. Турегалиев

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің

2025 жылғы 16 мамырдағы № 111

қаулысына қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2025 жылға арналған басым дақылдардың тізбесі және субсидиялар нормалары

№	Басым дақылдардың атауы	Өлшем бірлігі	Субсидия нормасы, тенге
1	Күнбағыс	тонна	15 000
2	Мақсары	тонна	10 000
3	Қарақұмық	тонна	10 000
4	Өнеркәсіптік жылыжай кешеніндегі көкөністер	гектар	9 327 000
5	Фермерлік жылыжайдағы көкөністер	гектар	2 019 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК